

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫ

«Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының жинағы

25.05.2023 ж.

Proceedings of the international scientific and practical conference “Research problems of the Turkic runic monuments”

25.05.2023

Сборник материалов международной научно-практической конференции «Проблемы исследования тюркских рунических памятников»

25.05.2023 г.

Астана, 2023

ӘОЖ (УДК) 930

КБЖ (ББК) 63.2

Т 90

Редакция алқасы:

Төраға – Е.Б. Сыдықов, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор

Жауапты редактор – Н.Г. Шаймердинова, филология ғылымдарының докторы,
профессор, Түркітану кафедрасы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Ғылыми редактор – Ж.Қ. Айдарбекова, PhD, Түркітану кафедрасы доценті м.а.,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Техникалық редактор – Н. Милованова, Түркітану мамандығының докторанты,
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

**Т 90 «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференциясының материалдары (25 мамыр 2023 жыл).** – Астана: Л.Н.
Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 376 б.

ISBN 978-601-337-878-7

Жинаққа «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-
практикалық конференцияның материалдары енгізілген. Конференцияға Ресей Федерациясы,
Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Қазақстан ғалымдары қатысты.

Жинақта ежелгі және қазіргі түркі халықтарының мәдени және жазба ескерткіштерінің
зерттелуі, түркі жазба ескерткіштерінің тілі және диалектілері, түркі халықтарының мәдениеті
мен тарихы, жалпы түркітанудың өзекті мәселелері қамтылған.

ISBN 978-601-337-878-7

ӘОЖ (УДК) 930
КБЖ (ББК) 63.2

©Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2023

Әдебиет

1. 程适良《新疆阿尔泰山区的图瓦人》中央民族大学学报 1994 年 (Чэн Шилян. Шыңжаңның Алтайдағы тывалар. – Қытай Минзу университетінің журналы, 1994).
2. 郭蕴华、吐娜《新疆阿勒泰地区的蒙古族, “图瓦人”》《新疆社会科学研 究》1987 (Гуо Юнхуа, Туна. Шыңжаңның Алтай өлкесіндегі моңғол ұлтты “тувалар”. – Шыңжаң қоғамдық ғылыми зерттеулер, 1987).
3. 吴宏伟 《图瓦语研究》上海远东出版社 1999 (Ву Хунвэй. Тува тілі. – Шанхай Қиыр Шығыс баспасы, 1999).
4. 李圃 《我国图瓦人语言使用现状研究—白哈巴村个案调查》中央民族大学学报 2017 (Ли Пу. Қытайдағы тува тілінің қазіргі қолдану жағдайы туралы зерттеулер (Аққабә ауылының жағдайы негізінде). – Қытай Минзу университетінің журналы, 2017) .
5. Түркі тілдері: Ұжымдық монография / «Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы» РМҚК . – Астана, 2015. – 456 б.
6. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2006.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНДЕГІ МӘДЕНИ ДЕРЕКТЕР

Колпенова А.К.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

k.asiya_k@mail.ru

Аннотация. Мақалада қырық бір, ит көйлек, төр, кіндік, Анка-анка, мойын, мүйіз, таспа сөздерімен келетін фразеологизмдердің мағынасы қарастырылады. Фразеологизмдердің қалыптасуына мотив болған этномәдени деректердің мазмұны ашылады. Қазақ және түрік фразеологизмдерінен мысалдар келтіріле отырып, қырық бір санының, төр, кіндік ұғымдарының сакралды мәні интерпретацияланады. «Ит көйлек» ұғымы, түрік тіліндегі мифологиялық бейне – Анка мифологиялық сюжеттермен байланыстырылады. Фразеологизмдердегі мойын, мүйіздің күштің, құдіреттің символы екені тұжырымдалады. Қазақ тіліндегі *жонынан таспа тілу* фразеологизмінің шығу төркіні ежелгі салтпен байлынысты екендігі түйінделеді.

Кілт сөздер: мифологема, символ, этномәдени дерек, қырық бір, төр, кіндік, таспа.

Abstract. The article considers the meaning of idioms with mythologemes and symbols “kyryk bir”, “it koilek”, “tör”, “kindik”, “Anka-anka”, “moiyn”, “muyiz”, “taspa”. The content of ethnocultural data, which served as a motive for the formation of phraseology, was revealed. Using examples from Kazakh and Turkish phraseology, the sacred meaning of the concepts of the number kyryk bir, tor, kindik was interpreted. The connection of the mythical stories about the dog with the concept of "it koilek", the representation of the mythical image in the Turkish language - the image of Anka in the phraseological fund was discussed. It was concluded that the neck and horn in phraseology are symbols of strength and power. It was summed up that the origin of the idiom zhonynan taspa tilu used in the Kazakh language is connected with the ancient tradition.

Keywords: mythologeme, symbol, ethnocultural information, kyryk bir, tör, kindik, taspa.

Кез келген тілдің сөздік қорынан қомақты орын алып, сол тілдің байлығы мен көркемдігін танытатын күрделі құрылымдар – фразеологизмдер. Белгілі бір ұғымды, ойды бейнелі әрі ерекше әсерлі жеткізу мақсатынан туған тіл бірліктері – фразеологизмдердің семантикалық құрылымының өзегі образ болып табылады. Фразеологиялық образға этностың дүниені танудан пайда болған пайымы мен оны қабылдаудан түйген тәжірибесі ұйтқы болады. Этностың танымдық пайымы мен тәжірибесін құрайтын факторлар: мифологиялық наным, діни сенімі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ырым-жоралғылары фразеологизм құрамындағы мәдени категорияларда кодталып, этномәдени ақпарат, деректер ғасырлар бойы тілде сақталады. Фразеологизмдердің бұл «қорушылық», кумулятивтік қызметі оның мағына тұтастығы, тіркес тұрақтылығы, қолданылу тиянақтылығы белгілерімен [1: 597] тығыз байланысты.

Тілдегі мәдени категорияларда, яғни мифологема, символдарда кодталған ақпарат, деректердің мән-мағынасын ашу фразеологизмдердің шығу төркінін, уәжін айқындайды. Бүгінгі күні көнеленіп, көмескі тартқан немесе тіпті ұмыт болған фразеологиялық уәжді айқындау фразеологизмдердің коммуникациялық қарым-қатынаста орынды және жиі қолданылуына ықпал етуімен маңызды. Тереңірек пайымдасақ, түркілік мәдениетті танытуымен, сол арқылы түркілік бірегейліктің нығая түсуіне үлес қосуымен де өзекті болып табылады.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдер семантикасында сақталған мифтік таным, наным-сенім туралы пайымдаулар І. Кеңесбаев еңбектерінен бастау алады: ғалым фразеологизмдерге ұйтқы болған сандардың символдық мәнін ашады. Фразеологизм мағынасындағы этномәдени мотивтерді Ә. Қайдар, М. Копыленко, Н. Уәли, Г. Смағұлова, Р. Авакова, Г. Сағидолдақызы, К. Рысбаева көлемді зерттеу еңбектеріне арқау еткен. Сонымен қатар Қ. Ғабитханұлы қазақ мифологиясының тілдегі көрінісін, Б. Ақбердиева қазақ тіліндегі мифтік жүйені танытуда фразеологизмдерді әлеуетті ғылыми дереккөз ретінде пайдаланған. Нақты қазақ және түрік фразеологизмдерін салыстырып, фразеомағынадағы діни наным-сенімді зерделеген ғалым – Ш. Құрманбаева.

Түрік тіл білімінде мифологема, символдар, наным-сенім, дәстүр-рәсімдер арқау болған фразеологизмдер И. Шахин, М. Сомунджу, С.Ақтай, М. Улыташ, Г. Қызылөзен, Б. Ашкынның зерттеу мақалаларында, сондай-ақ А. Синан еңбегінде қарастырылған. Бұл мақалалардың ішінен И. Шахиннің «*Deyimlerden hareketle petroglifler çözümlenebilir mi?: teke petrogliflerinde kuyrak tipleri ve anlamları üzerine*» (Фразеологизмдер арқылы петроглифтер сырын ашуға бола ма?: теке петроглифтеріндегі құйрық және оның мәні туралы) зерттеуін ерекше атап өтуге болады. Ғалым фразеологизмдер мағынасын талдау арқылы петроглифтердің сырын ашуға болатындығын тұжырымдайды. Сонымен бірге халықтың наным-сенімінің фразеологизмдердегі көрінісін салғастырмалы әдіспен зерттеген С. Текелінің, Х. Ыылмаздың ғылыми диссертацияларын да атап өтуге болады.

Бұл мақалада қазақ және түрік тіліндегі бірнеше фразеологизмнің мотивін айқындау мақсат етілді. Мифологема, символдардың мәнін ашу, халықтың салт-дәстүрі, ырым-жоралғыларының мазмұнын түсіндіру міндеті қойылды.

Материалдық дереккөз ретінде түрік және қазақ тілінің фразеологиялық сөздіктері, қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі, анықтамалығы қолданылды. Сондай-ақ Ө. Тілеуқабылұлының, А. Тойшанұлының еңбектері пайдаланылды. Зерттеуде дәстүрлі сипаттау, семантикалық және семиологиялық зерттеу, салыстырмалы-синхронды, салыстырмалы-диахронды зерттеу тәсілдері, танымдық-логикалық әдістер қолданылды.

Қырық бір

Түркі тілдерінде *қырық* санымен келетін тұрақты тіркестер фразеологиялық қордан біршама орын алатынын айтуға болады. Бұл сан символ – «қырықтың» түркі танымындағы киелі мәнімен байланысты. Сондай-ақ түрік тілінде *kırk bir baharın yoğurdunu yemiş* ‘тәжірибелі, көпті көрген’, *kırk bir kere maşallah* ‘көз тимесін, назар түспесін’, қазақ тілінде *қырықтың бірі* – *қыдыр* ‘үйге келген адамның бірі болмаса бірі құт, береке әкелуші’, *қырқына шыдап, қырық бірине шыдамау* ‘шыдамсыздық таныту’ фразеологизмдері бар. Фразеологизмдердегі «41»-дің мәні неде?

Түркілердің баланы қырқынан шығару дәстүрі, қайтыс болған адамның қырқын беру ғұрпы бар. «Сенім бойынша, дүниеге келген бала 40 күндік уақыт өткенге шейін «әлі тумаған» болып есептеледі. 41-күн болғанда ғана ол «ресми түрде» дүниеге келеді. Осы уақыт ішінде нәрестені бөгде адамдарға көрсетпейді. 40 күн толғанда қырқынан шығару дәстүрін жасап, «ит көйлегін» шешеді. Сол сияқты қайтқан адамның жаны 40 күн бойы бұл дүниеде жүреді де, тек 41-күні о дүниеге өтеді, ит көйлегін қайта киіп, ит күзеткен қақпадан өтеді» [2:136], яғни адам баласы осы қырық бірінші (41) күні тиісті шекаралардан өтеді. «41 дегеніміз – кіндік нүкте, негіз болса, 40 соның жариясы, көрінімі» [2:132]. Өтебойдақ Тілеуқабылұлының XV ғасырда жазылған «Шипагерлік баян» еңбегінде де 41 саны ерекше аталады: 41 қызыр, 41 толық нәумет шипа ем, 41 ырыс ұғымдары бар [3:334]. Бұдан біз аталған фразеологизмдерге сакралды мәнді «қырық бірдің» ұйтқы болғанын пайымдаймыз: қырық бір (41) – келесі кеңістіктің, келесі уақыттың, бардың бастауы.

Төр, кіндік

Бардың, болмыстың ілкі бастауы, негізі – кіндік, төр.

«Төр – үйдің босағаға қарама-қарсы жоғарғы жағы, құрметті орын» [4:817]. «Түрікшеде *dur/tur* түбірінің алғашқы мағынасы *тұғыр, тұрақтаған жер, топырақ* дегенді білдіреді. Осы түбір негізінде пайда болған *tör/töre* немесе *ture* (үйдің ең сыйлы жері, тақ) сөзі түркілерде культтік мазмұнға ие болған» [5:22]. Ғалым М. Ескеева *төр* лексемасының этномәдени, этнофилософиялық мазмұнында «туу, өмірге келу, пайда болу» семалары да сақталғанын айтады [6: 217]. С. Қондыбай: «Символдық тұрғыдан алғанда, төр дегеніміз – ілкі тұрпат» [2:52], – дей келе, дей-түркілік танымдағы Ілкі төрді жоғарғы рухани орталық ретінде айқындайды және қай халықтың болмасын қандай да бір өзінің рухани орталығы – кіндігі болу керектігін айтады [2: 53]. Қазақ тіліндегі *төрінен көрі жуық, бір аяғы төрде, бір аяғы көрде* ‘қартайып, өлімге таяу’ фразеологизмдерінің мағынасына тереңірек үңілсек, басталғанның соңына, яғни аяқталуға жақындағанын білдіреді. Сол сияқты *өлі болып көрде жоқ, тірі болып төрде жоқ* ‘санатта, есепте жоқ’ фразеологизміне де *төр, көр* сөздері арқау болған. Ал *кіндігінен өрбіген* ‘туған ұрпағы’, *кіндігі бір* ‘1. бір анадан туған; 2. пікірлес адамдар’, *кіндіктен жалғыз* ‘бауырлас туысы жоқ, жалғызбасты’, *кіндік қаны тамған жер; кір жуып, кіндік кескен жер* ‘туған жер, атамекен’ фразеологизмдеріндегі кіндік мифологемасы – өмір өзегі. Қазіргі түрік тілінде төр *başköşe* деп аталады [7], фразеологизмдер сөздігінен *başköşeye kurulmak* ‘құрметті кісі немесе ақсақалға арналған орынға отырып алу’ мағынасында бір тіркес табылды, ал кіндікке қатысты фразеологизмдер мына мағыналарда қолданылады: *göbeği sokakta kesilmiş* ‘үйінде отырмайтын, көше қыдырғанды жақсы көретін адам’, *göbeği biriyle bağlı* ‘әрқашан бірге, бір-бірінен айырылмайтын адамдар’, *kendi göbeğini kendisi keser* ‘ешкімнен жәрдем күтпестен, өз ісін өзі тындырар’. Дәстүрмен байланысты *göbek adı* ‘жаңа туған нәрестенің кіндігін кесушінің қойған бірінші аты’ тұрақты тіркесі бар: ертеректе түрік халқында ананы босандырған әйел нәрестеге ат қоятын болған, баланың кейін қойылған екінші атымен бірге осы «кіндік аты» қатар болған. Ал қазақта осыған ұқсас *кіндік шеше* деген ұғым бар, жаңа туған жас нәрестенің кіндігін кескен әйелге айтылады және баланың кейбір мінездері осы кіндік шешесіне ұқсайды деген сенім де болған, содан да болу керек, қазіргі күні де нәрестенің кіндігін кеспесе де, жандарына жақын адамдарды «кіндік шеше» атандырып жатады.

Ит көйлек

Жоғарыда аталып өткендей, жаңа туған нәрестеге ит көйлек кигізіледі. «Ит көйлек – жаңа туған нәрестеге кигізетін, тігісі сыртына қараған көйлек (жейде)» [8:157]. Қазақ тілінде ‘жасы аздап үлкен деген ұғымда’ айтылатын *ит көйлекті бұрын тоздырған* фразеологизмі бар. Ит көйлекпен байланысты дәстүр мынадай: «Сәбиді қырқынан шығару үстінде ит көйлекке түрлі тәттілерді түйіп, бір иттің мойнына байлап қоя береді. Жас балалар итті қуып жетіп, тәттілерді бөлісіп алады. Ит көйлекті бала бітпей жүрген әйелдердің қалап алу дәстүрі де бар: баланың анасы ит көйлекті жыртып береді» [9: 78]. Осы «ит көйлек, ит

жейде» мотивінің түркілердің антропологиялық мифтерімен байланысты болуы мүмкін. Бұл мифтік сарындар бойынша, «Жаратушы адамды топырақтан жаратып, кіндігінен ойып алған топырақтан итті жаратыпты. Адам жаратылғанда түкті, ал ит түксіз болған екен. Кейін шайтан былғап кеткен соң, Жаратушы адамның түгін итке беріпті» [10: 78]. «Осы сюжеттер, біздің ойымызша, қазақтағы «ит жейде» салтының семантикасын ашуға деректеме бола алады. Мифтік мәтіндер де «ит жейде» салтымен бірге синкретті өмір сүрген деген пікірдеміз» [10: 79].

Anka

Түрік тілінде *zümürdū anka gibi* ‘аты бар, өзі жоқ’, *anka gibi ismi var, cismi yok* ‘1. айтылған, бірақ іс жүзінде жоқ; 2. аты бар, бірақ міндетін атқармайтын адам’, *anka gönüllü* ‘қанағатшыл адам’ фразеологизмдері бар. *Anka* – мифологиялық образ, мифтік сюжеттердегі үлкен құс. Ол биік бәйтеректің, дүние ағашының, басында өмір сүреді [11: 61]. Халық мифологиялық танымындағы *anka* фразеологиялық образда сақталғанын көреміз.

Мойын, мүйіз

Қазақ тілінде де, түрік тілінде де *мойын* сөзімен келетін бірнеше фразеологизм бар: қаз. *мойны астына түсті* ‘оңбай, ойсырай жеңілді’, *мойны жар бермеді* ‘жалқаулығы ұстады, ерінді’, *мойнымен көтерді* ‘бәріне төзді, шыдады’, *мойнына қоржын салды* ‘тентіреу, қайыршылау’, *мойнынан жалы кетті* ‘арықтады, арыды’, *мойнына су құйылды* ‘еңсесі түсті, жүні жығылды’, *мойнын ішіне тықты* ‘үнжырғасы түсті’, *мойынды сыртқа салып кетті* ‘сырттап, алыстап кетті’. Түр. *boynu bükük* ‘дәрменсіз, көмекке зәру’, *boynum kıldan ince* ‘өмірімнің еш маңызы жоқ, өлуге дайынмын’, *boynumu kessler, bir damla kanım aktmaz* ‘еш күнәм жоқ дегенді білдіреді’. Осы фразеологизмдердің мағынасын зерделесек, «мойын» күштің символы екенін аңғаруға болады. «Мойын – дененің мифологияланған бөлігі» [12: 218]. Қазақтың жас босанған анаға қалжа жегізіп, мойнын бүтіндей мүжіту дәстүрі де ойымызды толықтыра түсетіндей. Қалжаға сойылған қойдың мойын омыртқасын бірінші күні ананың өзіне тісін тигізбей, қолымен мүжіту – жас босанған ана күш жинасын, нәресте мойны бекіп, күшті болсын деген ниетпен жасалатыны сөзсіз.

Күштің тағы бір символы – мүйіз. Мифологиялық сюжеттердегі жердің көк өгіздің, кей мифтерде сары өгіздің мүйізінің үстінде тұруы тегін емес. «Мүйіз – кездейсоқ таңдалмаған: ол – құдіреттің символы. Мәселен, Сары өгіз мифінде өлген жандардың жаны өгіздің мүйізінің ішіне кіру қажеттігі айтылады. Мүйіздің ішіндегі жан мәңгілікте, мүйіз жанды қорғайды» [13: 25]. Шығыс халықтарының арасында кеңінен тараған «Қос мүйізді Ескендір» эпсаналары да мүйіздің күштің, құдіреттің символы екенін дәлелдей түседі. Мүйіз символының бұл мәні қазақ тіліндегі *мүйізі қарағайдай* ‘жарамды, мықты, зор, қасиеті мол, дәрежесі жоғары’ фразеологизмінде сақталған. Түрік тілінде *boynuz kulaktan sonra çıkar ama kulağı geçer* ‘жетістікке жеткен бар, бірақ одан озған да бар’ дегенде де мүйіздің концептуалды «күшін» көреміз.

Таспа

Қазақ тілінде *жонынан таспа тілді* ‘1. өлімші етіп сабады, азаптады; 2. өлтіре тілдеді’ фразеологизмі бар. Фразеологизмнің шығу тегі мынадай салтпен астасып жатқанға ұқсайды: «арам өлген ірі қараның терісін бірақ сойып алмай, тек жондамасынан елілеп төрт елі ғана тіліп, сылып жас таспа тері алатын болған. Оның мәнісі: «өлінің беті ары, тірінің беті бері» деп ырымдап алатын елдік салт» [3: 256].

Этностың эмикалық шындығы туралы, яғни дүниені танудан туған ойлары мен сезінуден пайда болған сезімдерінің өрісі; белгілі бір жердегі, белгілі бір кезеңдегі мәдениеті; семантикалық ортасының сипаты туралы ақпарат, деректің тілдік таңбалардың мағыналық құрылымында сақталып, ғасырдан ғасырға ұласып отыратындығына фразеологизмдерді қарастыру арқылы көзжеткіздік. Антропоцентристік парадигма аясындағы лингвофилософиялық зерттеулерде сандардың символдық мағынасы, оның ішінде қырық санының киелі ұғымы туралы жиі айтылады. Қазақ және түрік тілінде сақталған фразеологизмдер арқылы қырық бір санының да сакралды мәні бар екендігі айқындалды. ХҮ ғасыр жәдігері – «Шипагерлік баян» деректері де ойымызды нақтылай түседі. Төр ұғымының символдық мәні, жалпы төр сөзі қазақ тілінің тілдік деректерінде сақталғанын білдік. Бұл түбі бір туыс тілдердің тіл жүйесіндегі семасиологиялық өзгеру, даму үрдісін көрсетеді. Қазақ мифологиялық танымындағы Самұрық образы түрік тілінде Анка деп аталатыны ғылыми дереккөздерде айтылады, бұл мифологема түрік тіліндегі бір-екі фразеологизмге уәж болған. Сонымен бірге фразеомағынаны концептуалды интерпретациялау арқылы фразеологизмдерге мотив болған мүйіз, мойын ұғымдарының түркі танымында күштің символы болғаны анықталды. Тілдік жүйедегі көне тілдік деректер – фразеологизмдер мағынасы этномәдени ақпарат қоры болып саналады. Фразеологизмдер семантикасын талдау арқылы мәдени ақпараттардың мазмұнын ашу, мәнін түсіндіру тарихи-этимологиялық, этнолингвистикалық, мәдени-лингвистикалық зерттеулерді үзіліссіз жүргізуді міндеттейді.

Әдебиет

1. Баят Ф. Түркі мифологиялық жүйесі. – Стамбул: Өтүкен, 2008. – 360 б.
2. Бейдили Дж. *Türk Mitölojisi*. – Анкара: Yurt, 2003. – 639 б.
3. Ескеева М. Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізі. – Астана : Сарыарқа, 2011. – 319 б.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / ред. Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
6. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1997. – 368 б.
7. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 512 б.

8. Құралұлы А. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. –128 б.
9. Садразам Е. Bir Kıbrıs Türk Miti Üzerine Antropolojik Çözümleme: Sarı öküz // Millî Folklor, 135. – Güz 2022. – S. 18-32.
10. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баяны [1472]. – Алматы: Жалын, 1996. – 521 б.
11. Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 192 б.
12. Хисамитдинова Ф.Г. Мифологический словарь башкирского языка. – Москва: Наука, 2010. – 452 с.
13. TDK. <https://sozluk.gov.tr/>.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖЫЛҚЫҒА ҚАТЫСТЫ ЗООНИМДІК ЛЕКСИКА

Кусаинова А. Б.

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
aygerim.kussainova@yandex.ru*

Аннотация. Сан ғасырлар бойы көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанып, бір ғана мәдениеттің – көшпелілер мәдениетінің тұғырын бірлесе қалаған түркі халықтарының дүниетанымы, этномәдени болмысы тарихи-элеуметтік үдерістерге байланысты белгілі бір дәрежеде өзгерістерге ұшырағаны белгілі. Мұндай өзгерістер этнос тілінен көрініс тауып отырады, тегі бір қазақ және түрік тілдері де жалпытүркілік табиғатын сақтай отырып, өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасты. Қыпшақ тобындағы қазақ тілі мен оғыз тобындағы түрік тілінің лексикалық құрамын салыстырмалы тұрғыдан саралау жалпытүркілік лексиканың қыпшақтық, оғыздық белгілерінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтауға ықпал етеді.

Қазақ және түрік тілдеріндегі сөздік қордың ауқымды бөлігін құрайтын зоонимиялық лексика әлі толық зерттелмеген сала болып табылады. Мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі жылқыға қатысты зоонимдік лексика салыстырмалы түрде қарастырылып, ортақтықтар мен ерекшеліктеранықталады.

Кілт сөздер: Зооним, зоонимдік лексика, жылқы, ат, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер.

Abstract. For centuries, Turkic peoples followed the traditions and customs of nomadic and semi-nomadic peoples. Of course, ethnocultural identity and spirituality have undergone changes over the centuries, which are reflected in the language. The Kazakh and Turkish languages that were united in their origins developed autonomously, preserving the common Turkic nature. Nevertheless, a comparative